КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 08 сәуір іс № 6309-24-00-2/373 Өскемен қаласы

Шығыс-Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья Т. Тұрғамбаев, сот мәжілісінің хатшысы Г. Баларазова ашық сот отырысында азаматтық істі қарады.

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар министрлігі Шымкент қаласы төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Шымкент қаласы) мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Проектмонтажсталь2» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАР МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒА:
«Қазақстан Республикасы қаржы министрлігі ішкі мемлекеттік аудит Комитетінің Шығыс-Қазақстан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит Департаменті»

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Тұрақсыздық айыппұлды өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор А. Хажимуханов
талап қоюшының өкілі Н.А. Абдиева
жауапкердің өкілі Е.М. Юсупов

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар министрлігі Шымкент қаласы төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Шымкент қаласы) мемлекеттік мекемесі

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

(тапсырыс беруші) және «Проектмонтажсталь2» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (өнім беруші) 2023 жылғы 11 қараша айында № 181-23 келісім шартқа қол қойған.

«Проектмонтажсталь 2» ЖШС-і 453 606,69 теңге шарттың орындалуын қамтамасыз ету кепіл сомасын мемлекеттік сатып алу порталына қойды.

Шарт бойынша өнім беруші тапсырыс берушіге шарттың қосымшасына сәйкес өрт сөндіру жеңдерін 77мм әкелуге міндеттенгі келісім шарттың жалпы сомасы 15 120 222, 88 теңгеге құрайды.

Шарттың 2-ші қосымшасына сәйкес, бір құжаттың өзінде тауарларды жеткізу мерзімі «Шарт аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін 45 күнтізбелік күн» және «Жеткізу мерзімі 25 күнтізбелік күн» деп көрсетілген.

Келісім шарт 2023 жылдың 21 желтоқсада бір жақты бұзылып, күші жойылды.

Талап қоюшы талап арызында жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды және айыппұл санкциясын азайту өтінішінде 166 320 тенгеден 120 960 тенеге азайтуды және өндіруді сұрады.

Талап қоюшының өкілі Н.А. Абдиева сот отырысында талапты қолдап, жауапкердің келісім шарт талаптарын орындамағанын және залал келтіргенің растады.

Жауапкердің өкілі сот отырысында талап арызды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады, шарт бойынша шарттың қолданыс уақыты, 8 тарау 8.1. тармағына сәйкес, 31.12.2023 жылға дейін екенін мәлім еткеніне қарамастан, тапсырыс беруші 21.12.2023 жылы шартты біржақты тәртіппен бұзған. 25.12.2023 жылы тауардың уақыт аясында жеткізілу мүмкіндігі бар болғандығы және тауарды жеткізу уақытынан кешігуі салдарыннан, талапкерге нақты залал келтірілмегендігі көрсетіп.

Үшінші тұлға түсірген пікірінде көрсетті талапкер шартты бұзуға құқылы. Демек, талап қоюшының Шартты біржақты бұзу мерзімі шарттың 7.4 және 8.3 тармақтарына сәйкес келмейді, яғни тауарды жеткізу мерзімі 2023 жылдың 19 желтоқсанынан бастап 29 желтоқсанын қоса алып, тауарды жеткізу мерзімінің кешіктірілуі 11 күнтізбелік күн деп есептелген, шарттың 7.4 тармағында көзделген мерзімі сақталмаған. Демек, жасалған шарт бойынша міндеттемелерді орындамау бойынша өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану сот органдарының құзыреттілігінде.Осыған байланысты, талап арыз бойынша қойылған талаптарды қанағаттандыру бойынша шешімді, сот қалауына қалдырамыз деп көрсетті.

Үшінші тұлға сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған, ол жайында іс құжаттарында смс-хабарлама барын, алайда, сот отырысына белгісіз себептермен келмеді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процесстік кодексінің 196 бабы 4 бөліміне сәйкес, сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған іске қатысатын тұлғалардың қайсыбірі келмеген

Құжатқа қол қойылған: Тұрғамбаев Т., 13.04.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

жағдайда, егер олардың келмеу себептері дәлелсіз деп танылса, сот істі қарауға құқылы.

Прокурор талап арызды олығымен қанағаттандыруды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

1 талап бойынша

Азаматтық кодекстің (ары қарай -АК) 349 бабынын 1 тармағында міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі делінген.

Жауапкердің міндеттемесін орындамауы, атап айтқанда шартта көрсеткен мерзімде орындамауы даусыз, сондықтан «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (ары қарай-Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз бар.

Заңмен белгіленген әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен жүгінуге белгіленген тыйым салынатын мерзім талап қоюшымен сақталған.

Шарт бойынша негативтік салдар бар, яғни Шымкент қаласы төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Шымкент қаласы) мемлекеттік мекемесіне (өнім берушімен) өрт сөндіру жеңдерін уақытында жеткізілмеген, шарт бойынша көрсетілген мерзімде орындамады, шарт бір жақты бұзылды.

Сонымен қатар міндеттемелерді уақтылы орындауға кедергі келтіретін форс-мажорлық жағдаяттарды растайтын және дәлелдейтін құжаттыды жауапкер сотқа жолдамады. Осы мән-жайларды ескере келе талап арыз қанағаттандырылады.

2 талап бойынша

АҚ 272, 273 баптарына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға жол берілмейді.

Іс құжаттарына сәйкес, жауапкер өз міндеттерін орындамаған.

АҚ-нің 293 бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады.

2023 жылдың 11 қараша № 181-23 келісім шартының 7.2 тармағына

Құжатқа қол қойылған: Тургамбаев Т., 13.04.2024

6309-24-3-1/330

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

сәйкес, өнім берушімен мемлекеттік сатып алу шарты талаптарын орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушіге 10% мөлшерінде айыппұл санкциясын қолдануға құқылы.

Алайда талап қоюшы есеп дұрыс шығарылмаған. Талапкер мерзімі өткен күндерды 19 желтоқсанынан – 21 желтоқсанына дейін 2023 жылға дейын 3 күн деп санап отыр, біракта 2023 жылдың 21 желтоқсада шарт бір жақты бұзылған. Сонымен мерзімі өткен күндер -2 күн, ал тұрақсыздық айыптың көлемі 30 240 теңге құрайды.

Сот жоғарыдағы мән-жайларды ескере отырып, талап арыз жартылай қанағаттандырылуға жатады деп санайды.

Талап қоюшының айыппұл санкциясын жоғарыда көрсетілген есепке сүйене отырып және АК-нің 293 бабының талаптарын басшылыққа алып, сот айыппұл санкциясы, яғни, 30 240 теңге дұрыс деген пікірге келді.

Азаматтық процесстік кодексінің (ары қарай-АПК) 117 бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына 1846 теңге және 908 теңге мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ</u>

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талапкер Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар министрлігі Шымкент қаласы төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі (Шымкент қаласы) мемлекеттік мекемесі жауапкер «Проектмонтажсталь2» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы талап арызы ішінара қанағаттандырылсын.

«Проектмонтажсталь2» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Проектмонтажсталь2» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына іс жүргізуге байланысты шығын 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

«Проектмонтажсталь2» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне тұрақсыздық айыппул 30 240 (отыз мың екі жүз қырық) теңге өндірілсін.

«УМР-4 Алматыинжстрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына іс жүргізуге байланысты шығын 908 (тоғыз жүз сегіз) теңге өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Тұрғамбаев Т., 13.04.2024

6309-24-3-1/330

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Шымкент қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің Өрт сөндіру және авариялық-құртқару жұмыстары қызметі (Шымкент қаласы) мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Проектмонтажсталь2» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне 15 120 (он бес мың жүз жиырма) теңге тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы талап арызы қанағаттандыруылсыз қалтырылсын.

Іске қатысқан тұлғалар түпкілікті нысанда шешім шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған адамдар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Шығыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шығыс-Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым беруі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Т. Тұрғамбаев**

Көшірмесі дұрыс

Судья **Т. Тұрғамбаев.**

Құжатқа қол қойылған: Тұрғамбаев Т., 13.04.2024

6309-24-3-1/330